



№74 (9961)
19 қыркүйек
сейсенбі
2023 жыл
Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш

Жаршысы



Жәрмеңке

Көзді ашып-жұмғанша сары сабаз күз де келді. Күз молшылықтың, байлықтың, берекенің айы дейді. Иә, қырман басы тазаланып, бау-бақша жиналып, құс базары тарқайтын кез. Түнерген табиғаттың, қоңыр салқын ауа райының, көтеріңкі көңіл-күйде Сыр елі елорданың 25 жылдығына орай Астанаға тарту ретінде жаз бойы жиып-терген өнімдерімен жәрмеңке ұйымдастырды.

Жандос ЖАЗКЕН



— Жәрмеңкеге аймақ диқандары мен тауар өндірушілері үлкен дайындықпен келді. Жалпы жәрмеңкеде 7 ауданнан 60-қа жуық облыс кәсіпкері 40 жүк көлігімен 160 млн теңгенің 450 тоннадан астам ауыл шаруашылық өнімдерін астаналықтарға ұсынуда. Нақтырақ айтсақ, өңіріміздің басты тауары күріштен 130 тоннадан астам, 10 тонна ет және 30 тоннаға жуық балық өнімдері, 30 тоннадай көкөніс пен жеміс-жидек, 230 тонна бақша өнімдері, 3 тонна ас тұзы, 10 тоннадай сүт өнімдері, 5 тоннаға жуық сөк, талқан және кондитер өнімдерін жеткіздік. Ауа райының салқындығына қарамастан жәрмеңке жоғары деңгейде өтіп жатыр, — дейді облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев.

Екі күнге жалғасқан жәрмеңкеде Сыр өңірінің ауыл шаруашылығы өнімдеріне қызығушылық танытқан астаналықтардың қарасы қалың болды. Әріне әсіресе қала тұрғындарының өзімізде өсірілген сапасы жоғары, экологиялық жағынан таза, бағасы қолжетімді өнімдерге жиі қолы жете бермейтіні белгілі ғой. Тұрғындардың көпшілігі Сыр салысын қап-қаптап сатып алып жатса, енді бірі жаңадариялық қауын-қарбызға тәтті болуда. Әсіресе Жалағаш ауданының күріші мен қауын-қарбызына сұраныс жоғары болды. Шыны керек, жәрмеңкеге ауыл шаруашылығы тауарларының бірнеше түрі қойылған, барлығының да бағасы қолжетімді, яғни нарық бағасынан айтарлықтай төмен.

— Біз жыл сайын Қызылорданың ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесін асыға күтеміз. Сыр өңірінің басты брэнді — күріш пен балығын, тұзды мал етін, қауын-қарбызын алуға асығамыз. Быыл да осы жәрмеңкеден қалмауға тырысып, таң атысымен таңғы асымызды ішерішпестен отбасымызбен жәрмеңкеге келіп қалдық. Ерте келдік пе десем, халықтың көпшілігі осында екен, тіпті көптеген сауда сәрелері босап та үлгеріпті. Күріш, қауын-қарбыз, балық, ет, тұздан бөлек картоп пен пияз, құрт-май алдық. Бәрі қолжетімді, өте арзан бағада, сапасы да жоғары. Биыл Қызылорда облысына 85 жыл толыпты. Сыр елін мерейтойларымен шын жүректен құттықтаймын. Қызылордалықтар — еңбекке бейім, бау-бақша өнімдерін егуге машықтанған халық. Сондықтан болар, Сыр өлінің жәрмеңкесін асыға күтетініміз. Сонау Қызылордадан Астанаға келіп, осындай жәрмеңке ұйымдастырған Сыр өліне алғыстан басқа айтарымыз жоқ, — дейді астаналық Нұрғиса Мырзатай.

Жәрмеңке өте жоғары деңгейде ұйымдастырылып, керемет көңіл-күйде өтті. Іс-шарада аймақта өндірілетін отандық өнімдерді қолдау мақсатында арнайы көрме де ұйымдастырылса, елордалықтарға мерекелік көңіл-күй сыйлау үшін Сыр елі өнерпаздарының қатысуымен концерттік бағдарлама да қойылды.

— Қызылорда облысы ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін өткізеді деген хабарды әлеуметтік желіден көргеннен бастап бұл сәтті күн санап күттім. Жәрмеңке кеше басталыпты, бірақ



Ерке Есілге Сырдың сыйы

бірінші күні жолым түспей, жәрмеңкенің екінші күніне үлгеріп, келіп тұрған жайым бар. Біраз өнімдер сатылып кеткен секілді, десе де күріш, мал етінен молынан әкелген-ау, таңдау мүмкіндігі көп. Жасыратыны жоқ, бізде жоқ тауарлар осы кісілерден табылады. Бағасы да қолжетімді. Сырдың дәмін алыста жүріп, аңсайтынымыз да рас. Өйткені өзіміздің балалық шағым Жалағашта өткен. Ерте келіп күріш пен қауын-қарбыздан, ет пен құрт-ірімшікті барынша көп мөлшерде алдым. Жалағаштың қауын-қарбызын айтаңсызшы, бал татып тұрады ғой. Жалағаштағы Жаңадария деген

ауылда өсетін бұл қауындар бізде танымал. Жаңадарияның қауын-қарбызы десең, дәм татқысы келетіндер көбейеді. Бүгін күн түнеріп, суық болғанымен, жәрмеңкедегі көңіліміз көтеріңкі, Сыр өліне алғыс айтамын, — дейді қала тұрғыны Гауһар Сейтжанова.

Иә, ауданымыз үшін маңызды науқан күзгі жиын-терім жұмыстары қыркүйекте басталды. Бүгінде еңбек адамдары жаз бойы күтіп-баптаған өнімдерін ысырапсыз жинап алу үшін тер төгуде.

Айта кетейік, биыл ауданда 37079 гектар алқапқа егін егілді.

Оның ішінде негізгі дақыл күріш 19 800 гектарды құрайды. Мұнан бөлек бидай 750 гектарға, қант құмайы 70 гектарға, арпа 70 гектарға, соя 64 гектарға, мақсары 520 гектарға, сүрлемдік жүгері 700 гектарға, сұлы 5 гектарға, жаңа жоңышқа 4 850 гектарға егіліп, 7 200 гектар ескі жоңышқа күтімге алынған. Сондай-ақ картоп 646 гектарға, көкөніс 1 108 гектарға және басқа да бақша өнімдері 1 296 гектарға егілді.

Қуантарлығы, биыл ауданда тұрғындардың бақша салуына 500 гектар жер дайындалып, үлестірілген. Дайындалған 500 гектар жерге 921

отбасы 217,3 гектар картоп, 63 гектар көкөніс, 219,7 гектар бақша дақылдарын орналастырған болатын. Бүгінде олар қауын-қарбызын сабағынан үзіп, бірнеше бақша өнімдерін саудаға да шығаруда. Бұл жұмыстарды келер жылы да жалғастыру жоспарда бар. Әріне бұл бір жағынан қарапайым халықтың қыстық азығын қамдап алуына үлкен мүмкіндік болып отыр.

Міне, тынымсыз тірлік пен еселі еңбектің арқасында қызылордалық шаруалар береке мен бірліктің туын тігіп, ерке Есілге Сырдың сәлемін жолдап қайтты.

Ауыл тынысы

Бірлігі бекем, тірлігі тиянақты



Бұл ауылға мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтың есімі берілгеніне де он жылға жуықтапты. Қазіргі таңда елді мекенде 300-ден астам отбасы бар. 1800-ден астам халық мекен еткен қайраткер атындағы ауылдың алдағы уақытта екінші тынысы ашылатындай. Былтыр да елді мекеннің еңсесін тіктейтін екпінді жобалар бұл ауылда жүзеге асқан. Қуантарлығы, биыл да Темірбек Жүргеновтың 125 жылдығы аясында бірқатар жоба қолға алынды. Әрбір жобаның түбін тұртсаң, мақсаты қайраткер рухына тағзым ету мақсатында қолға алынғандай. Бүгінде оның барлығының жергілікті халық игілігін көріп отыр.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



Иә, ауыл халқының негізгі тіршілік көзі — егін және мал шаруашылығы. Бұған дейін Сыр салысынан мол астық жиган жергілікті шаруашылықтар былтырдан бері бақша өнімдеріне басымдық берген. Мұнан бөлек бірнеше гектарды құрайтын ауылдағы алмабақ өнімдері бүгінде еліміз бойынша үлкен сұранысқа ие.

Жалпы қайраткер атындағы ауылда халық санына шаққанда жұмыссыздық деңгейі 2,4 пайызды құрайды. Оның деңгейін төмендету үшін ауыл әкімі тиісті жобалар қолға алынатынын айтады. Ауыл әкімі өлі де кәсіп

бастаймын деген жерлерістерін сүйемелдеумен келеді. Олар қайткен күнде мемлекеттік бағдарламалардың игілігін көреді, пайыздық үстемақысы төмен несиеге қалай қол жеткізеді? Осы сауалдардың түйінін тарқатуға Бауқең бар уақытын арнаған. Нәтиже де жоқ емес.

— Ауылда кәсіпке бет бұрған азаматтар жетерлік. Бұл бір жағынан елді мекеннің еңсесін тіктеуге үлкен қолғабыс болып отыр. Бұрын іс бастаған азаматтардың барлығы егін және мал шаруашылығы саласында жұмысын жүргізсе, бүгінде ауылда сала түрленген. Қазірдің өзінде Мақпалкөл ауылдық

округінде шаштараз, компьютерлік орталықтар халыққа сапалы қызмет етуде. Енді бұл азаматтар кәсібін кеңейтуге басымдық беруде. Демек егін және мал шаруашылығы саласынан өзге де кәсіпорындар өніміне ауылда сұраныс бар деген сөз. Болмаса олар мұндай қадамға бармас еді, — дейді ауыл әкімі Бауыржан Тұңғышбаев.

Темірбек Жүргенов ауылында бүгінде 90-ға жуық кәсіпорын бар. Тіркелген кәсіпкерлік субъектісінің бүгінде 99 пайызы жұмыс жасап тұр. Бұрын елді мекенде тек егін және мал шаруашылығында жергілікті тұрғындар кәсібін деңгелентсе, бүгінде сала түрленген.

Былтыр екі ауыл тұрғыны кәсіп бастауға бел бұған. Алайда оларға шаруасын ширатуға қолдағы азғантай қаражат қолбайлау болыпты. Осылайша екеуі де мемлекеттік грантқа өтінім беріп, оны қорғап шығады. Нәтижесінде комиссия мүшелері қос жобаны да қаржылай қолдауға лайық деп тауыпты. Қазіргі таңда екеуі де ауыл халқына сапалы қызмет етуде. Оның бірі Гүлша Мырзалыеваның шаштаразы болса, келесісі — Гүлжан Төкештің компьютер орталығы.

Гүлжан мен Гүлша — ауылдық елді мекендерде егін және мал шаруашылығы саласынан өзге де кәсіпорындар өніміне сұраныс жоғары екенін жұмысымен дәлелдеген кәсіпкерлер. Кешегі сапарымызда олардың жұмысымен де арнайы таныстық. Тіпті Гүлжан Төкеш алдағы уақытта кәсіпорының көкжиегін кеңейтуді көздеп отыр. Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде пайыздық үстемақысы төмен несиеге қол

жеткізсе, алға қойған мақсаттары жүзеге асатынына сенімді.

Жалпы жергілікті тұрғындар кәсіп ашуда мемлекет жасап жатқан барлық мүмкіндікті тиімді пайдаланып отыр. Кәсіпкерлік саласына серпін беруге бағытталған қандай бағдарлама бар, басым бөлігіне ауыл тұрғындары құжат тапсырып, шаруасын ширатуда.

Биылдың өзінде ауылдағы екі азамат грантқа құжат тапсырып, қайтарымсыз қаржыға ие болған. Олардың біріншісі 1 млн 380 мың теңгеден қаражат үлестірілген. Жобасы қаржылай қолдауға ие болған Медет Қызбалбаев пен Руслан Ермәханов 8 бас жылқы алып, ауылдың мал шаруашылығын дамытуға білек сыбана кіріскен.

Мұнан бөлек Мақпалкөлден тағы да 4 азамат мемлекеттік грантқа жобасын дайындап қойыпты. Олардың да жобалары қолдау тапса, аталған сала дамыған ауылда өлі де жұмыстың ширауына қолғабыс болары сөзсіз. Биыл тағы 3 азамат мемлекеттік бағдарлама шеңберінде кәсіп бастауға құжаттар тапсырған. Барлығы да мал шаруашылығын дамытуға негізделген. Нәтижесінде оларға жалпы құны 14 млн теңгеге жуық қаражат үлестірілген.

«Аграрлық несие корпорациясы» арқылы қаржылай қолдауға ие болғандар қатарында ауыл тұрғыны Қайыр Тоғызбаев та бар. Ол елді мекенде жылқы шаруашылығын дамытуды мақсат еткен. Жобасы қаржылай қолдауға лайық деп танылған ауыл тұрғыны жалпы құны 7 млн 500 мың теңге пайыздық үстемақысы төмен несиеге ие болған. Оның да бұл кәсіпті қолға алудағы

мақсаты сол жем-шөптен мәселе жоқ және жылқы етіне нарықта сұраныс жоғары, 4 млн теңге қаржылай қолдау тапқан Назарбай Жаметов те ауылда жылқы шаруашылығын қолға алған. Ал Жандос Ибраев 1 млн 750 мың теңгеге ірі қара сатып алып, бүгінде оның басын көбейтуге басымдық берген.

Биыл мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтың 125 жылдығы, қайраткердің мерейтойы бүгінде түркі тілдес мемлекеттер арасында кең көлемде атап өтілуде. Туған жерінде де мерейтой аясында бірнеше жоба қолға алынған. Солардың бірі — Темірбек Жүргенов атындағы саябақ. Бұл жобаға қазынадан 60 млн 444,9 млн теңге қаралған.

— Жаздай тұрғындар мұнда талдар мен жеміс ағаштарын отырғызды. Саябақ құрылысы да қарқынды әрі сапалы жүрді. Жергілікті тұрғындардың бұл жерді жасыл желекке айналдырудағы құлшынысын баба рухына тағзым, бір жағынан құрмет деп түсінемін. Қайраткер атындағы ауылда мұнан өзге де жобалар жоқ емес. Бастысы, алдағы уақытта ел игілігін көрсө дейміз. Ауылда қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов атында көше де бар. Ұзындығы 1,1 шақырымды құрайтын ішкі көшеге биыл жай жөндеу жұмыстары жүрді. Оған қазынадан 15 млн 229 мың теңге қаралған. Темірбек Жүргенов ауылында бұған дейін қоғам қайраткері атында көше болса, енді саябақ ашылғалы тұр, — дейді ауыл әкімі.

Ауылда қай саланы алып қарасақ та өрлеу бар, өсу бар, даму динамикасы тағы жақсы. Әсіресе жергілікті

шаруашылықтар мол астықтан тау тұрғызып, жыл сайын рекордтық өнімге қол жеткізуде. Аудан бүгінде егінді өртараптандыруға басымдық берген. Аяқ су мәселесі қат болған шақта бұл бастама ақылға қонымды.

Ауылда 1 серіктестік, 10 шаруа қожалық егін шаруашылығымен айналысады. Олар биыл 4021 гектар жерге егін екті. Оның 1896 гектарына Сырдың басты дақылын сепкен. Мұнан бөлек 1135 гектар ескі жоңышқа күтімге алынып, 492 гектар жаңа жоңышқа егілген. Шаруашылықтар биыл 84 гектар алқапқа жаздық бидай және 414 гектарға мақсары дақылын севіпті.

Егінді өртараптандыру бағытында былтыр жергілікті «Ер-Әлі» шаруа қожалығы бірнеше гектарға картоп, қызылша, сәбіз өккен еді. Төраға Әліби Бекжанов одан алған өнімді апта сайын жәрмеңке ұйымдастырып, аудан және аймақ жұртына арзан бағада ұсынған болатын.

Жалпы атпал азаматтың елім деп қолға алған жобаларының игілігін бүгінде жергілікті халық көріп отыр. Бұған дейін ауылда жалпы құны 15 млн теңгеден асатын балалар ойын алаңын салып берген еді. Қазір ауыл балаларын іздегенсіз, сол жерден табасыз. Мұнан бөлек бірнеше отбасына үй салып берді. Ауылдағы алтын ұяда білім алып жатқан жастардың ішінде озат оқушыларға шәкіртқағы төлейді. Тізе Берсек, Әліби Бекжановтың ауылға жасап жатқан жобаларын жазуға көп уақыт кетеді. Бастысы, оның барлығы бүгінде елдің игілігіне жарап тұр.

Биыл «Ер-Әлі» шаруа қожалығы тамшылатып суару арқылы 12 гектарға бақша дақылдарын орналастырған. Оның ішінде 7,5 гектарына картоп егілсе, 2,6 гектар жерге қауын-қарбыз, 1,9 гектар алқапқа сәбіз тұқымын сепкен. Биыл да шаруашылық ұжымы алажаздай баптаған сапалы өнім нарыққа шығады.

Ауылда мал шаруашылығы да қарқынды дамыған. Бүгінде Темірбек Жүргенов ауылындағы мал шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлерде 545 бас мүйізді ірі қара, 206 бас жылқы мен бірнеше түйе бар. Ал ауылдық округтің жеке отбасыларында 1 903 бас мүйізді ірі қара, 512 бас жылқы, 4 114 бас уақ мал мен 40 бас түйе бар екен.

Жалпы ауыл халқы қай істе де ауызбіршілікті, ынтымақты ту өтеді. Біз айтып отырған жобалардың сәтті жүзеге асуына да басты себеп осы ма дедік. Шаруасы шираған ауылда береке бар. Шырдырымыз іс бар, бірлігі болса да мығым. Бас осындай елге қонатынын бұрынғылар да айтып кеткен ғой, ал біз соған бүгінгі сапарда көз жеткіздік.





Қазіргі қоғам дамуының басты тетігі білім саласын дамыту екені анық. Заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтар болсақ, халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін – білім, адамдықтың тепе-теңдігі болатын алтын таразы мектеп екені хақ. Осы салада аянбай еңбек етіп жатқан аудан орталығындағы қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицей ұжымының үлгілі жұмысы көп.

Қайраткер атындағы алтын ұя

«Бүгінгі күн – келешегіңнің жемісі, ертеңіңнің болмысы» дейді дана халқымыз. Білім бәйгесінде биіктен көрініп жүрген алтын ұя 1962 жылы құрылып, 1999 жылы 21 сәуірде ҚР Үкіметінің №441 қаулысына сәйкес қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтың есімімен аталған. 2015 жылы мектеп-лицей болып құрылған. Есімі елге танылған тұлға, туған жері мен халқына елеулі қызмет жасаған, саналы ғұмырында Қазақстандағы мәдениет, әдебиет, өнер саласының талантты ұйымдастырушыларының бірі, басқа да абыройлы әрі жауапты қызметтерді атқарған Темірбек Жүргенов атындағы білім ордасының

ойы озық, шығармашылығы жоғары, ізденісі ілгері ұстаздары сол алғашқы жылдардан-ақ талабы мен таланты, пейілі мен зейіні озық, таза жүректі жас түлектерді өмірдің ұлы жолына қадам бастырып келеді.

Бүгінде 857 оқушы білім алатын мектеп-лицейде барлығы 108 ұстаз сабақ беріп, еліміздің келешегін қалыптастыру жолында тынымсыз еңбек етіп келеді. Солардың ішінде 17 білім-ғылым магистрі, 25 педагог-зерттеуші, 29 педагог-сарапшы, 22 модератор және 1 педагог-шебер мөртебесін иеленген мұғалім бар және 1 мұғалім докторантурада білімін жалғастыруда. Білім мен тәрбиенің ал-

ғашқы баспалдағы – бастауыш сынып. Бастауыш саты білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы болып табылады. Келешекте жалпы білім алу мен кез келген арнаулы мамандықтарға талпынудың іргетасы осы бастауыш сыныпта қаланады. Жаңа оқу жылында мектепке бірінші сыныпқа 99 бала қабылданған. Білім ордасының тыныс-тіршілігімен танысуға барғанда оқушылардың жеткен жетістіктерінен бөлек, ұжымның да салаға айтарлықтай еңбек сіңіріп жатқанын аңғардық. Оған мектеп кіреберісіндегі ілулі тұрған марапаттар дәлел.

Ұжымның облыстық білім басқармасы және облыстық кәсіподақ ұйымымен бірлескен «Үздік әлеуметтік әріптес – 2020» номинациясын 5 жыл қатарынан иеленгенін, жыл сайын білім саласындағы жетістіктері үшін берілетін аудан әкімінің «Үздік білім беру ұйымы» номинациясына ие болып жүргенін ерекше айтуға болады. «Білім өркениеті» ұлттық-инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен өткен «ҚР Педагогтарының Алтын кітабы» республикалық байқауында мектептен үш мұғалім І дәрежелі дипломмен және «Үздік педагог» төсбелгісімен марапатталған. Аталған мектеп жыл сайын түрлі номинациялардың иесі атанып келеді. Мәселен, білім берудегі жаңашыл, шығармашыл нәтижелі еңбегі, жоғары жетістіктері мен білім саласын дамытуға қосқан үлесі үшін биыл арнайы «Білім шыңы» номинациясының иегері атанып, 4 млн теңге қаржылай сыйақымен марапатталды. Бұдан бөлек білім саласын дамытуға және педагог кадрлардың әлеуетін арттыруға қосқан үлесі үшін «Білім бәйтерегі» номинациясын иеленді. Сонымен қатар «Үздік инновациялық мектеп» номинациясымен марапатталып, 1 млн теңге жұлде иегері атанған. Сондай-ақ қайраткер атындағы алтын ұя – еліміз бойынша үздік 100 мектептің қатарына енген үлгілі білім ордасы.

Мектептің жүрегі болған мұғалімдердің шығармашылықты шыңдап, ізденісті ілгерілету, білім сапасын жақсарту, мектеп мәртебесін көтерудегі, ең бастысы бәсекеге қабілетті маман болу жолындағы атқарып жатқан істері тындырымды. Мектеп оқушыларының пәндік олимпиада, ғылыми жобаларға қатысуда да қарқыны жоғары. Олар – білікті мамандармен бірлесе отырып, тыңғылықты дайындықтың нәтижесінде үздіктер қатарынан көрініп жүрген озат оқушылар.

Бытырғы оқу жылында 48 түлек алтын ұямен қоштасып, оның 47-сі ұлттық бірінғай тестілеуге қатысқан. Нәтижесінде 43 түлек мемлекеттік грант иегері атанып, 4-әуі ақылы оқуға түскен. Екі білім алушы пәндік олимпиада нәтижесінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің білім грантының жеңімпазы атанған.

Биыл 31 түлек мектеп бітіреді. Қазіргі таңда барлығы ұлттық бірінғай тестілеуге дайындалып, қатысуға ниетті. Олардың қатарында Наргиз Нұрбек АҚШ Мемлекеттік департаменті толығымен қаржыландыратын 3 турдан тұратын Future Leaders Exchange (FLEX) бағдарламасының жеңімпазы атанды.

Наргиз 2023 жылдың тамызынан 2024 жылдың мамыр-маусым айларына дейін американдық отбасында тұрып, американдық мектепте 1 жыл бойы тегін білім алу мүмкіндігіне ие болған. «Алтын белгі» мен «Үздік аттестат» иелерінің артуы, олимпиада сынды білім бәсекелерінде топ жарған балалар, оқушылар мен мұғалімдердің аудан, облыс, республика көлемінде білім, өнер, спорт додаларында биіктен көрінуі – адал еңбек, нақты мақсат, жүйелі істің нәтижесі. Ең озық, айтулы білім ордасының иық теңестіріп тұрған алтын ұяның ел ертеңі жастарды білім мен тәрбие негізінде шыңдап, тұлға етіп қалыптастырудағы еңбегі орасан.



Маман мерейі

Білікті педагог

Қазақ – ұстазын сыйлап, құрметтеген ел. «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» деген баға да мұғалім мәртебесін айшықтап тұрғандай. Жас та болса, бас бола білген Айсана Қанатқызы қазіргі таңда Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейіндегі жаңашыл ұстаздар қатарында. Оның өзінің де, шәкірттерінің де жетістігі көп.

Айсана Намурадин Жалағаш ауданында дүниеге келген. Мектепті 2002-2011 жылдары бүгінде өзі білім беріп жатқан Темірбек Жүргенов атындағы №123 дарынды балалар мектебінде оқыды. Кейін Мәншүк Мәметова атындағы педагогикалық колледжінің «Негізгі мектептің шетел тілі» пәні мұғалімі мамандығына түсіп, 2015 жылы үздік бітіріп, Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің «екі шет тілі» мамандығын тәмамдаған. Сол жылы өзі оқыған Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейге ағылшын тілі пәні мұғалімі болып еңбек жолын бастады.

Қазіргі кезде түрлі шаралар мен қоғамдық жұмыстардың белсенді мүшесі. Атап айтатын болсақ, 2021 жылы «Үздік ағылшын пәні мұғалімі – 2021» сайысында ІІ орын иеленді. Сондай-ақ биыл «Тәуелсіздік ұрпақтары» жобасының медиа бағыты бойынша 3 млн теңге грантын жеңіп алды. Облыстық білім басқармасы, білім кәсіподағының «Жыл үздігі – 2021» номинациясына ие болған. Мағжан сенген жастардың алды болған Айсана Қанатқызы халықаралық «Қазақстан педагогтері» ассоциациясының «Құр-

мет» грамотасымен марапатталды. «Жастар көшбасшысы» номинациясы бойынша ҚР Ақпарат және Қоғамдық даму министрінің алғыс хатын иеленіп, Қызылорда облысы әкімінің «Үздік жастар жобасы» номинациясының иегері атанған. Айта берсек, жетістігі таусылмайтын ұстаздың біліктілігін растайтын мұнан өзге де сертификаттары баршылық.

Оның ерекше тоқталып өтуге болатын жетістігі – елорда төріндегі Ақ ордадан алған марапаты. Анығырақ айтсақ, Айсана Намурадин Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай өткен «Медиа» – жаңа медиа-жобаларды, оның ішінде жастар үшін танымдық, пайдалы, қызықты контентті құру жөніндегі жобаларды іске асыру бағыты бойынша 3 млн теңге грант жеңімпазы атанды. Үздіктер арасынан оза шауып, грант иегері атанған жастарды Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елорда төрінде өзі марапаттады.

Елдегі барлық жастарға арналған гранттың негізгі мақсаты белсенді шығармашыл жастардың жобаларын, бастамаларын іске асыру, қолда бар жобаларды дамыту, ғылыми және қолданбалы зерттеулер жүргізу және жастарды оқытуға бағытталған.



Ереже бойынша гранттарды үлестіру жаңа идеялар мен бастамаларды іске асыру үшін конкурстық негізде ұйымдастырылды. 30 грант, 3 млн теңгеден 5 бағыт бойынша табысталды. Жаңашылдықты талап ететін үлкен жобадан өзіннің білімі мен білігін дәлелдей алған жас маман тек Жалағаш ауданының емес, облысымыздың мерейін асырып, абыройын асқақтатты десек те артық айтқанымыз болмас.

Білікті ұстаздың жемісі – әріне оның шәкірті. Ұстаздың жеңіс төріне жетелеп жүрген шәкірттері де баршылық. Мәселен, 6-8 сынып оқушылары арасында «Мен талантты оқырманмын

ба? (Am I a talent reader?)» тақырыбында өткізілген аудандық ағылшын тілінен эссе байқауында Айсана Қанатқызы жетекшілік еткен 8-сынып оқушысы Мархабай Оралхан І орын иеленді.

Үздіксіз білім алу, оқушыларды жан-жақты, креативті тұлға қылып өсіру, қоғамға өз үлесін қосу, ата-анасының үмітін ақтауды мақсат еткен көйпкеріміз Айсана – қазіргі таңда ұстаздықпен қатар ҚР Президенті жанындағы жастар саясаты жөніндегі кеңестің мүшесі. Көйпкеріміздің осы кезге дейінгі жеткен жетістіктері жастарға үлгі болары анық.

Озат оқушы

Шерхан – мектеп мақтанышы

Мұғалім шәкірттерімен мақтанады.

Себебі салаға сіңірген еңбегі де шәкіртімен ақталады. Қайраткер атындағы алтын ұяда үздік оқушы Шерхан Әдіс оқуда озат болып, ата-анасының да, ұстаздарының да сенімін ақтап келеді. Небары 16 жастағы үлгілі оқушының жеткен жетістіктері көп. Өйткені ол – білім алуда еңбекқор оқушы.



Оқушылардың ақыл-ой қабілетін жетілдіру, дарынды балаларды оқыту мен дамыту, тәрбиелеуде мұғалімдер қарап қалмайды. Расында мұғалімнің жемісі үздік оқушыны қалыптастыруда жатыр. «Білімді шәкірт – мектеп мақтанышы» деп аталатын мектеп тақтасында суреті орын алған Шерханның да жетістігі мол.

Ол – қазіргі таңда Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейдің 10 сынып оқушысы. Мектепке 8 сыныпта ауысып келгелі бері біраз білім бәйгелерінен үздік атануда.

Мектеп – кеме, білім – теңіз, ал толқынында жүзушілер – шәкірттер. Осы мектептің намысын қорғап жүрген Шерханның оқушылар арасында да беделі жоғары. Бытыр мектеп оқушылары арасында президент болып, биыл дебат қозғалыс министрі ретінде сайланған.

Көйпкеріміз – тек білімді оқушы ғана емес, шығармашыл салауатты өмір салтын ұстанатын спортшы. Оған дәлел ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың мерейтойына арналған «Мұқағали – мәңгілік ғұмыр» атты поэзия кешінде белсенділік үздіктер қатарынан көрінуі. Лияс Жансүгіров, Абай оқуларына да қатысып, аудандық кезеңінен ІІ, ІІІ орын иегері атанған. Сондай-ақ Жақсыбай Сарбалаулының 80 жылдығына орай аудандық кітапхананың ұйымдастыруымен өткен «Жыр-жұлдыз» мүшәйрасында үздік өнер көрсетіп, І орын иеленіп, 25 000 теңге қаржылай сыйақымен марапатталған.

Жігітке жеті өнер де аз. Спортта да мектеп дәрежесін асқақтатып жүрген Шерхан футболдан өткен «Былғары доп» әлеуметтік сайысында аудан құрамасына капитан болып, команда ІІ орын иеленген. Сонымен қатар осы жарыста «Үздік жартылай қорғаушы» номинациясымен марапатталған. Аудандағы үздік оқушы ретінде «Балдәурен» оқу-сауықтыру орталығының жаздық ауысымына шақырту алып, ол жерде де өзінің белсенділігін көрсеткен. Орталықта «Ауысын президент» атағын алған.

Шынында, баланың білімге құштарлығы мен қызығушылығы мектептен бастау алатыны сөзсіз. Мектеп қабырғасынан бастап баланың жан-жақты ашылып, оның білімге деген қызығушылығы оянады. Қазіргі таңда Шерхан секілді үздік оқушылардың жетістігі – осының дәлелі. Олар осы көрсеткіштері арқылы болашақта ел дамуының жарқын үлгісі мен келелі ой, салиқалы пікір айтып, батыл шешімдер қабылдай алады. Мұғалімнің атқарған еңбегінің жемісі де осында.

– Шерхан – оқу үздігі. Өзіне берілген тапсырмаларды тиянақты орындайды, мектепте ететін іс-шараларға белсене араласады, берілген қоғамдық жұмыстарға жауаптылықпен қарайды. Сынып ішінде, оқушылар арасында беделді, өзінің білімімен жан-жақты оқушы екенін көрсетіп, кішілерге қамқор болып, үлкендерге құрмет көрсетеді. Әдеби кітаптар оқығанды ұнатады. Мен Шерханмен мақтанамын, – дейді сынып жетекшісі Самал Ергали.

Осынша жетістікке жеткен Шерхан өзінің артында ұлы тұлға ұстаздары тұрғанын айтты. Оқушының әр сөзінде білімге деген құштарлығы мен ұстаздарға деген махаббаты ерекше көрінді. Әр жарыстар мен мүшәйрадағы қызықтарымен бөлісіп, алғысын да білдірді.

– Ұстаз – оқушының тәрбиешісі. Оны үлкен өмірге тәрбиелейтін де осы ұстазы. Оқушының үлкен белесті бағындыруы – тек ата-ананың ғана емес, ұстазының да арқасы. Менің де осындай жетістіктерге жетуім ұстаздарымның арқасы деп білемін. Осы арада мен Қосжанова Салтанат, Серік Жасұлаң, Ахметов Айдос ағай-апайларыма үлкен алғысымды білдіремін. Жетістікке жеткенім де осы ұстаздарымның арқасы деп білемін. Олар маған ерқашан кеңес беріп, үлкен додаларда жеңіске жетуіме көмектесіп, қабілетімнің ашылуына себепші болды. Ал қабілет – іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай нәтижелі етіп орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті. Менің бойымдағы қабілетімді ашып, өркез жарыс-бәйгелерде сенім артып жүрген ұстаздарыма мың алғыс айтамын, – дейді мектеп мақтанышы.

Қазіргі кезде әрбір оқушының қабілеті көз ілеспес жылдамдықпен дамуда. Мектептегі жаңа бағдарламалар күн сайын емес, ай сайын жаңаруда. Білімді бөрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді. Қазіргі кезде білім алуда Шерхан айтпақшы, әр адамның бойындағы қабілеті маңызды. Себебі оқушының білім сапасы мен деңгейін анықтап, салыстырмалы мониторингтер жасауға көмектеседі. Сондықтан әр баланың өз бойындағы қабілетін ашып, он дамыту – әр ұстаздың міндеті.

Темірбек Жүргенов – 125 жыл

Тұғыры биік тұлға

Биыл Қазақстанның білім мен мәдениетінің, экономикасының өрлеп-өсуіне өлшеусіз үлес қосқан Темірбек Жүргеновтың туғанына 125 жыл толу мерейтойы елімізде аталып өтуде. Бұл мерейтой өзінің кіндік қаны тамған Сыр бойының Жалағаш ауданында ерекше үлкен дайындықпен тойлануда. Осыдан 5 жыл бұрын аудан орталығында ұлы тұлғаларды ұлықтайтын «Тағзым алаңы» ашылып, онда «Темір наркомның» мрамордан мүсіні қойылып, халқымен қайта қауышты. Мерейтойға еліміздің түкпір-түкпірінен қонақтар өнер, білім, мемлекет, қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, аудан жұрты қатысты. Түрлі мәдени, спорттық шаралар өтті. Биыл да осындай шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылуда.



Қараның қыстауы

Қараның қыстауы – Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жаңаталап ауылының солтүстік-батысында 12 шақырым қашықтағы ескі қыстау атауы. Жүргеннің ұрпағы Жағыпар Нұржанов, Өмірзақ Ысқақов және Саядин Салжановтардың айтуынша, бұл топоним – мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтың әкесі Қара Жүргенұлы қыстауының орны. Жалағаш ауданындағы осы қыстаудан бірер шақырым қашықтағы төбеде Қараның әкесі Қуанұлы Жүрген жерленген. Қыстау Іздібай өзегінің бойында. Бұл атырапты жергілікті тұрғындар «Үбіс көлінің маңайы» деп атайды.



Қараның жаз жайлауы Ақтөбе облысының Ырғыз ауданындағы Басықара қопасы, Тышқанбай саласы, Сулықөл Жабасар, Жантай, Ырғыз өзегінің Қарақай, Мамыт салаларының бойы болған. Темірбек Жүргеновтың дүниеге келген жеріне қатысты таласты пікірлер сол заманғы қазақ халқының өмір сүру салтын ескермегендіктен туындап жүр. Халқымыздың басым бөлігі 1930 жылдарға дейін байырғы көшпелі салтымен өмір сүріп келгені мәлім. Жаз жайлауы мен қыс қыстауы жоғарыда көрсетілген аймақтарды қамтыған Темірбек ұлтымыз бұл өмір салтын бекем ұстанған XIX ғасырдың аяқ кезеңінде дүниеге келді. Сол себепті қазақтың біртуар азаматы Темірбектің туған жері Ақтөбе немесе Қызылорда өңірі деген біржақты пайымның жөні ретсіз. Қай жерде туып-өссе де Темірбек – қазақтың ғана емес, түрік халқына ортақ тұлға. Оған дәлел ретінде биыл ТҮРІКСОЙ ұйымының шешімімен түрік әлемінде Темірбек жылы деп бекітілгенін мысалға келтіруге болады. Темірбектің әкесі Қара Жүргенұлы 1858 жылы қазіргі Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жаңаталап, Мақпалкөл ауылдарындағы «Қарақ» төңірегінде дүниеге келіп, жастайынан билікке араласып, осы аймақтағы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінде болыстық қызмет атқарады. Ұрпақтарының айтуынша, Қара – үш әйел алған кісі. Бейбішесі Сұлудан Ноғай атты ұл мен Бидаш есімді қыз, тоқалы Жәніштен Қосжан, Досжан, Темірбек пен Ысқақ, кіші тоқалы Кемпіттен Быназар, Кәпназар, Айназар мен Зағипа туған.

Кеңес билігі кезінде ауқатты бай ретінде мал-мүлкі төркіленіп, Қарқаралыға жер аударылады. Саяси қуғын-сүргінге ұшырап, 1938 жылы Қызылорда қаласында жазықсыз атылып кеткен. Кеңес билігі Қараның алты баласын (Қосжан, Досжан, Темірбек, Ысқақ, Кәпназар, Айназар) да ату жазасына кескен. Қара Жүргенұлының есімі ақтандақтар тізіміне ілініп, 1990 жылы толықтай ақталды.

Қараның қыстауы топонимі – адам атымен, дәлірек айтар болсақ, кісінің лақап есімінен туындаған атау. Өйткені Қараның азан шақырып қойған есімі – Сырлыбай.

Марат ШӨМЕКЕЙ,
аудандық тарихи-өлкетану
музейінің ғылыми қызметкері

Сақтансаң, сақтайды

Өрт көп жағдайда адамдардың өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтамауынан оған немқұрайлықпен қарауының салдарынан орын алып жатады. Үйде тұрған пештер жарамды күйде болуы және өрт қауіпсіздігінің барлық талаптарын сақтауды ескере отырып жабдықталуы тиіс. Пештерді пайдалану кезінде қарапайым талаптарды сақтау керек.

Қауіпсіздік қаперде болсын



Түтін жолдары мен пештерді күйеден тазарту, жанғыш шатырдың үстіндегі түтін құбырларында ұшқын ұстағыштардың болуы, отынды, басқа да жанғыш заттар мен материалдарды оттықта орналастыру, жанып жатқан пешті қараусыз қалдырмау, сондай-ақ балаларға қадағалауды тапсырмау, пештерде және олардың жанында киімді, отынды және басқа да материалдарды кептірмеу өрттің алдын алады.

Сонымен қатар балаларды қараусыз қалдырмау керек және сіріңке, оттық, шақпақ сияқты заттарды балалардың қолы жетпейтін жерге қою керек, газ плитасы, үтік және т.б. жылыту құралдарына жабдықтамау жөнінде күйделікті ескертіп отыраған абзал. Балалар бәзіндік болашағымыз екенін естен шығармайық.

Күннің салқындауына байланысты аудан тұрғындары пештер мен жылытқыш электр құралдарын қолдана бастады. Қатты суықта, желді ауа райында тұрғындар қосымша жылыту құралдарын қолданады. Олардың қатарында плиталар, электр жылытқыштар бар. Кейде қолдан жасалған электр құралдары да кездесіп жатады. Мұның бәрі бақылаусыз өрттің пайда болуына әкелуі мүмкін. Осындай оқиғалардың алдын алу үшін қарапайым өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау қажет.

Жылу маусымының басында жылыту құралдарын тексеру және жөндеу қажет. Жылу маусымы басталмас бұрын жеке үй иеліктерінде түтін мен құбырларды күйеден тазартқан абзал. Пешті қыздыруға және қатты отынмен пешті жағу үшін бензин, керосин, басқа да тез тұтанатын сұйықтықтарды қолдануға болмайды. Балаларға пешті жағуды тапсырмаған дұрыс.

Пештерде және олардың жанында киімді, отынды және басқа да материалдарды кептіру қауіпті екенін сөз басында айттық. Жылыту пештерінің жанында отынды, тез тұтанатын сұйықтықтарды, жанғыш материалдарды сақтауға және жанып жатқан пештерді қараусыз қалдыруға болмайтынын да ескеріңіз.

Аудандық төтенше
жағдайлар бөлімі

1937 жылы Алматыда үлкен қызметте болған Темірбек ағам ұсталып, «халық жауы» деген жаппамен атылып кетті. «Біздің әулет қуғын-сүргінге түсті» дегенде бойымызды қорқыныш билей бастады. Ағай, бұл ұғымды түсінбей отырған бізге түсінікті тілмен «бізді бай деп қудалады» деп қысқаша түсінік жасады.

– Темірбек аға атылып, жеңгеміз ұсталып кеткеннен кейін, Темкеңнің жанашыр азаматтары ағаның есі кіріп қалған баласын ауылға біздің қолымызға жеткізіп берді. Анау төбе – біздің қыстаудың орны. Басқа ортада орысша оқып тәрбиеленген баланың қазақы ортада өмір сүруі қиын да қайғылы болды. Бала таңертең ерте тұрып, келген жағы шығысқа қарап, папа, мама деп өңіреп жылайды. Біздің аза бойымыз тітіркенеді. Ол ауылда қазақ мектебіне барып жүрді. Кейін жоғары жақтан бір кісілер келіп, баланы алып кеткені есімде, – деп ағай да көзіне жас алған еді.

– Кейін КАЗГУ-ге оқуға түстім. Дөмеш жеңгемнің үйінде де жатып оқыдым, – деп ішіндегі шерін тарқатқандай болды.

Біз ол кезде жас едік. Ағаның Темірбек жайлы және өз өмірінен деректерді не мақсатта айтып отырғанын түсінбеген едік. Кейін ойлап қарасақ, Темірбек сияқты тұлғалар мен ұстазымыз өзінің өмір деректерінен сендер де хабардар болындар деген екен ғой ағайымыз.

Тақырып Т.Жүргенов жайлы болғандықтан ол кісімен 20-шы ғасырдың басында аймақтағы бір-де-бір оқу орны болған Аламе-сектегі екі жылдық орыс-түзем мектебінен білім алып, бірге оқыған Темірбектің замандасы, сол бір зұлмат заманда Қара әулетіне және олардың туыстарын басын бөйгеге тігіп, қол ұшын беріп, сол үшін де Т.Жүргеновтың «құйыршығы», «халық жауы» атанып, жиырма жыл сібірге айдалған. Жазасын өтеп, он сегіз жыл сібірдің қақаған аязында ағаш кесіп, азапты жылдарды басынан өткізген. 1956 жылы елге оралып, бұрынғы қызметі қалпына келтіріліп, Тереңөзек, Жалағаш аудандарының құрметті ақсақалы болып өмірден өткен Сейіткерей Усабаев өкеміздің Темірбек Жүргенов жайлы айтқан естелігі еріксіз есіме түсті.

1984 жылдың маусым айы болатын. Ол кезде мен Аққұм кеңшары партия комитетінің хатшысы болатынмын. Жаздың жадыраған бір күні сәскеге таман кеңшар директоры Сейітнәби Мұқашев: – Реке (кейде көңіл-күйі жақсы болғанда мені осылай атайтын), бүгін ауылға Сейіткерей Усабаев әкең қасында екі-үш ақсақалы бар осында. Олардың бірі Қараның әкесі Қуанұлы Жүрген. Жұмысың қауырт болмаса сол кісілерді күтіп алып, бірге болайық, – деді.

– Сен ол кісіні білесің бе, өмірінен хабардарсың ба, – деп мені сынағандай сұрай бастады.

Мен де білемін деп жауап қайтардым. Сейіткерей өкемді алғаш көргенімді еске түсірдім. 1956 жылдың жазы болатын. Ол кезде біздің қазіргі Бұқарбай батыр ауылы тайлы-туяғы қалмай өктемде дария бойындағы «Ақшығанақ» деген жерге жайлауға шығатын. Күріш орағынан оралған бір топ бала суға түсіп жатыр едік. Ішіміздегі ересек бір бала: – Бүгін ауылға ұзақ жылдарға сотталып кеткен бір өкеміз түрмеден босап, елге сәлем

беремін деп келе жатыр, – деді.

Оның сөзіне онша мән бермей үйге келсем, күн шықпай колхоздың жұмысына кететін өкем құтты тойға баратындай барын киіп, бір жаққа жүретіндей дайындалып жатыр екен. Менің өзіме оқыс таңқалғанымды сезіп, өкем: – Түрмеден босап, ағайынға сәлем беруге келе жатқан «халық жауы» атанып сотталған Сейіткерей әкең. Сол кісіні паромнан күтіп аламыз. Дүйсенбай әкеңнің үйінде қонақ болады, – деді.

Бұл өкеміз кезінде колхоздың төрағасы, ферма меңгерушісі т.б да ат үстінде жүріп, қызмет атқарған өкемнің туған ағасы болатын. Сонымен үлкен кісілердің соңына еріп, паромға бардық. Паромның арғы бетінен бір топ аттылы-жаяулы кісі паромға мініп, бергі жағаға өтті. Ішінде ұзын бойлы, ат жақты ақ-сары, алпысқа таяп қалған ақ кигелді, ақ шалбарлы, ақ қалпақты сүлу кісі басқалардан өзгеше болып, ағайынмен құшақтасып, аман-дасып жатты. Қасында елдің құрметті ағалары Бекжан, Сәдуаң, Сейтең, Шонбай, Абыт т.б бар еді. Сонда Сөкенді алғаш көрген болатынмын. Кейін Сейіткерей өкеміз ауылдағы той-томалақ, құдайы-астарға келіп жүргенде бірге болғаным бар. Біз қонақтарды күтіп алып, шақырған үйге бірге бардық. Дайындалған үйде Сейіткерей мен бірге Тайман қари, Мұстаянов Исхан т.б төрт-бес кісі болды. Отырыс көңілді басталып, билікті Сөкең өз қолына алып, түрлі тақырыптардан әңгіме қозғады. Сейітнәби аға өзі тарихшы және әңгімешіл болғандықтан әңгіменің төркіні Сейіткерейдің өмір жолы, сол жақтағы өмірінен деректерді білуіне бағытталған сұрақтар қойылып отырды. Ол кісі маған қолпаштау мен мақтануды сүйе бермейтін, сөзге сараң, аз сөйлеп, сұраққа нақты жауап беретін түйкмінезді, сабырлы адам болып көрінді. Ол жақтағы өмірі жабық күйде қалатынын ескертті. Мен оған бұл ұстамдылық пен қасиетті өмірдің өзі үйреткен-ау деген ойда болдым. Көнет Сейітнәби аға: – Сейіткерей аға, жас кездеріңізде өңірде екі адамның қолы жете бермейтін ескіше де, жаңаша да мектептерде оқып, білім алып, жауапты қызмет атқардыңыздар. Білуімше, сіз 1934-1935 жылдары Алматыдағы Марксизм-Ленинизм курсына оқып жүргеніңізде Т.Жүргенов пен сыйластықта болыпсыз. Ол кісі ұсталып кеткенде де Ырғыз ауданындағы Қараның әулеттері мен туыстарын елге, «Сырға» қашыруға жолбасшы дайындал, көмек беріпсіз. Ол туралы сол кісілердің ағайындары жақсы біледі. Сол жайлы өзіңізден естісек, – деп сұрақты төтесінен қойды.

Мұндай сұрақты күтпеген Сейіткерей ақсақал өлі де бұл тақырыптың жабық екенін ескерткендей бойын тіктеп алып, біліп отырсаң, несіне сұрайсың деген сынай танытты. Сұрағыңа жауап дегендей: – Ол кездері өзін айтып отырған оқуды ауқатты отбасының балалары оқыды. Біздің өкеміз елге танымал пахуатты адамдар болды. Ал біздің сыйластығымыз ол ұсталып, мен айдалып кеткенше жалғасып тұрды. Біз зобалаң заманның құрбаны болдық. Халқының жарық жұлдызындай болған Темірбекті нақақтан-нақақ «халық жауы» деп атса, елдегі мына Тайман қариды молдасың деп қудалады. Мені со-

нау Ырғыз аудандық Кеңес Атқару Комитетінің төрағасы қызметінде жүргенімде «халық жауы» Т.Жүргеновтың әулетін, туған-туыстарына көмек беріп, Ырғыздан Сырға қашырды, Жүргеновтың құйыршығы деп айыптап, жиырма жылға соттады. Сібірге айдады. Біздің ұрпақтың басынан не өтпеді десеңші. Түз-дөм таусылмай елге оралдым. Сол кезде атылып кетпей бүгін сіздердің орталарыңызда отырмын. Бұған тәуба деймін, жігіттер, – деді Сейіткерей ақсақал.

Т.Жүргенов пен Аламе-секте бірге оқыған, саналы ғұмырын сыйластық пен өткізген Сейіткерей Усабаев кім еді? Ол – қазіргі Жалағаш, бұрынғы Тереңөзек аудандарының шығыс бөлігіндегі елді мекендерді қамтыған Байзақ болысының Комсомол, кейін Болыстық атқару комитетінің жауапты хатшысы, Ақмешіт Уездік Комитетінің хатшысы, Қызылорда, Қармақшы, Шәуілдір, Ырғыз аудандарының көрген кісілердің бірі, ауданның белгілі азаматы марқұм өңбек, соғыс ардагері Мәдібай Баймаханұлы болатын. Өзінің естелігінде Мәкең былай деп еске алады. «Отызыншы жылдардың екінші жартысында мектепті ойдағыдай бітіріп, Алматыдағы КАЗГУ-дың физика-математика факультетіне оқуға түстім. Бұл кезде елде қуғын-сүргіннің аласапыраны басталып, ұлттымыздың зиялы қауым өкілдерінің басына қара бұлт үйіріліп жатқан кез болатын. Менің де артымнан атасы болыс болған деген арыз түсіп, оқудан шығарылдым. Сол кездері Темірбек Жүргенов мәдениет және ағарту саласының халық комиссары еді. Комиссариаттың ғимараты университеттің жанында болатын. Біз ол кісіні жиі көріп тұратын едік. Енді неде болса сол кісінің алдына баруға бел будым. Комиссариаттың хатшылығына тізіліп, қабылдауында болдым. Темкең мені жақсы қабылдады. Өзімнің қай жақтан, не үшін оқудан шығарылғанымды баяндап бердім. Ол кісі сабырмен зер салып, мұқият тындап отырды.

– Оқуың еліміз үшін бүгінгі заманның ғылымымен ағарту саласына қажетті мамандық екен. Сен қазіргі қоғамда болып жатқан ағымдардан аулақ болып, оқуыңды университет жанындағы жаңадан ашылған педагогикалық жұмысшы жастар бөліміне ауысып, сонда жалғастыр. Мүмкін тегінді өзгертерсің, – деп ағалық кеңес берді.

«Мен солай жасадым» деп еске алған Мәкең. Жоғарыда баяндалған Темірбек Жүргенов туралы жерлестерінің естеліктері еді. Ал халқының жарық жұлдызы болып дүниеден өткен Темірбек Қараұлы туралы өлі де халыққа жетпеген өмір деректерін зерттеп, оны оқырмандарға хабардар ету, қайраткердің өмір жолын келешек ұрпаққа өнеге ретінде қалдыру біздің ісіміз болу керек.

Рысбай КӘРІМОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

4 ДИДАР



Өткен ғасырдың отызыншы жылдары «Темір-Нарком» атанған Темірбек Жүргеновтің есімі бүгінде иісі қазаққа етене таныс. Ол – Қазақстан мен Орта Азия республикаларындағы оқу-ағарту, мәдениет және өдебиет саласының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, сыншы-көсемсөзші. Быыл осы-нау Алаштың асыл азаматының туғанына 125 жыл толып отыр. Жалпы алғанда, Темірбек Қараұлының мемлекет қайраткері ретіндегі тұлғасын одан әрі жан-жақты сомдау үшін осы саладағы қызметімен қатар әдеби-публицистикалық мұрасын да түбегейлі зерттеп, мәдениетіміз бен әдебиетіміздің тарихында алатын орнын нақпа-нақ белгілеу міндеті, парызы кейінгі ұрпаққа жүктелгені айдан анық. Міне, осы үдеде студент шағынан ізденіп, әдеби мұрасын ғылыми айналымға түсіріп, терең талдап, алғаш диссертациялық деңгейде зерттеген жерлесіміз Бауыржан Иманғалиев Нарком туралы жазған «Темірбек Жүргенов» атты үшінші кітабын қалың оқырманға ұсынды.

Зерттеуші ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Бауыржан Сәбитұлы бұл төрт жүз елу беттік кітабында Қазақстан, Ресей, Әзбекстан мұрағаттары мен кітапханаларының сирек қолжазбалар қорларында сақталған Т.Жүргеновтің құнды еңбектерін алғаш рет түпнұсқа негізінде тауып, араға сексен жыл уақыт салып, оқушыларымен қайта табыстырды. 1937 жылы 26 қыркүйекте «халық жауы» деп қара күйе жағылып, қапыда атылып кеткен қайран бабамыздың халқына, ұлтына жасаған еңбегін бес тараудан тұратын осы құнды еңбекте жан-жақты аша білген. Бұл бүгін зерттеуші-ғалым Б.Иманғалиевтің қайраткер-қаламгер Т.Жүргенов туралы жазған мақаласын ұсынамыз.

Нарком Темірбек Жүргенов туралы не білеміз?

ҚАЙРАТКЕРДІҢ АЗАМАТТЫҚ АЖАРЫ

Ахмет Байтұрсынов! Темірбек Жүргенов! Илияс Омаров! Әбекеәлі Жәнібеков! Бұлар – халқымыздың рухани-мәдени, оқу-білім саласын әр қилы замандар мен саяси жүйе жағдайында өрге сүйреген қайраткерлер. “Елім”, “жұртым” деп жан айқайымен жанын оққа да, отқа да қарсы тосқан күрескерлер. Жоқты бар қылған, барды зор қылған Жасампаздар. Сол жасампаздық, туындыгерлік еңбектерімен есімі ел есінде мәңгі қалған арыс тұлғалар! Тарих оларға, белгілі ақынның образды сөзімен айтқанда, “бір мезгілде әрі ағартушы, әрі жарық түсіруші” міндетін жүктеді. Ал олардың бұл миссияны көбеден қандары, кеудеден жандары шыққанша абыр-моимен атқарып кеткені бүгінде дау-дамайсыз тарихи ақиқатқа айналып отыр.

Дүниеде өз бойындағы жаратылыс сыйлаған талант өртіне өртеніп өлгендер, өнер салмағын көтере алмай мертігіп ажал тапқандар аз емес. Қарап отырсақ, соның көбі жиырма мен қырық жастың арасында, ой мен қырды бірдей барлап тұрған шағында кеткен екен. Өз тағдырын өзі жасаған кісіге не дауа. Ал бойынан өміре құштарлық отын бір сәт бәсеңсітпей, еліне деген алауын сезімі жүргімен қоса дүрісілдеп соғып тұрғанда ғұмыры мезгілсіз қиылғаннан аяншытты нәрсе бар ма екен?! Т.Жүргенов небары 39 жыл жасады, үшінші мүшелінен шыға бергенде өзі керемет үміт еткен мына өмірге жанар бағып соңғы рет дұрыстап қарап та үлгермей, керек десе не болғанын жөнді ұға алмай кете барды. Кешегі 37-де орылып тұскандердің баршасының түндей тағдыры осы. Олардың барлығы көмбесіне жетпей құлаған сәуегілік тәрзіді бойындағы барын сарқы алмай кеткендер. Солардың бірі де бірегейі – Қазақстандағы білім, мәдениет, өдебиет, өнер саласының талантты ұйымдастырушысы, республиканың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Қараұлы Жүргенов.

Темірбек Жүргенов 1898 жылы Қызылорда облысы Жалағаш ауданының (бұрынғы № 16 ауыл) қазіргі Жүргенов ауылында дүниеге келген. Ол кезде Ырғыз бөі Сыр бойы аралығы жайлаған қалың елге белгілі болған, ел ұстаған билік иесі, өз заманының талабын аңғара білген көзқаракты жан Қара Жүргенұлының бел баласы. Осындай дәулетті, тәрбиелі ортада өскен Темірбек өз кезеңі үшін тиянақты білім, ұлағатты тәрбие алды, дәстүрлі халықтық ортада тербиеленді, ұлттық психологияны, сөз бен саз мәдениетін ананың сүтімен, атаның қанымен бойына сіңірді. Жас Темірбектің ұстаздар жағынан да жолы болды. Осылардың ішінен екі кісіні – Сыр бойының белгілі ағартушы-ақыны Тұрмағанбет Ізтілеуұлы мен Аламесек орыс-қазақ мектебінде сабақ берген, қазақ тарихындағы алғашқы орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздіктің авторы Досмұхаммед Букинді атап айтқан жөн. Алғашқы ұстазының шарапатты әсерімен жас бала бірнеше шығыс тілін меңгеріп, шығыс мәдениетінің жауһарларымен жастай танысса, соңғы ұстазының көмегімен Еуропа мәдениетін, соның ішінде орыс мәдениетін, әдебиетін, тілін, осы қоғамдағы озық революцияшыл идеяларды терең игерді. Сөйтіп Т.Жүргеновтің дүниетанымында шығыстық және еуропалық дүниетаным кіріге тоғысып, біртұтас рухани дүниеге ұласты. Қайраткер-қаламгердің көзқарас эволюциясындағы осы ерекшелік соңыра оның мәдени құрылысқа, ағарту саласына байланысты мәселелер түйінін әрі тез, әрі дұрыс тарқатып отыруына көп көмегін тигізді. Екіншіден, Т.Жүргенов – 20-30 жылдардағы үркердей қазақ интеллигенциясының көрнекті өкілі. Оның ат жалын тартып мінген азаматтық өмірі бірден ұлттық аяну, көтерілу, серпілу және ұлттық-саяси тәуелсіздік жолында жүресу

кезеңіне түспа-түс келді. Темірбек Жүргенов Нәзір Төреқұлов, Әліби Жангелдин тәрізді қайраткерлермен бірге иық тіресіп, ең алдымен өзі өкілі болып саналатын қазақ халқының мүддесіне қызмет етті.

Темірбек Тұрмағанбет ақын ұстаздық өткен ауыл мектебінде сауат ашып, кейін Аламесектегі орыс-қазақ мектебінде, Перовскідегі (қазіргі Қызылорда) Суханский атындағы училищеде бастауыш білім алған. Ал 1917 жылы Уфа жер шаруашылығы училищесіне оқуға түседі. 1918 жылы «Қазақ мұны» газеті редакциялық алқасының құрамына өнеді. 1923 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің құқық факультетіне оқуға жіберіледі. САГУ-де студент болып жүріп, қоғамдық өмірге белсене араласып, студент жастардың әлеуметтік қозғалыстарына қатысады. Ол Қазақ АССР-ның Түркістан Республикасындағы толық өкілетті өкілі, ал 1926 жылы Ташкенттің Қазақ педагогикалық институтының директоры болып тағайындалады. Институтқа академик В.Бартольд, профессор С.Малов секілді атақты ғалымдарды Мәскеуден арнайы шақыртып, институт жұмысын жандандыруға күш салады. Жоғары оқу орындағына арналған «Саяси экономия» және «Құқықтану» пәндері бойынша оқу құралдарын қазақ тіліне аударады. Қазақ термелерінің жинағын құрастыруға атсалысады. 1929-1930 жылдары Тәжікстанның Қаржы комиссары, 1930-1933 жылдары Әзбекстанның Халық ағарту комиссары, ал 1933-1937 жылдары Қазақстанның Халық ағарту комиссары қызметтерін абыроймен атқарады. Ол Қазақстанның Халық ағарту комиссариаты жұмысына С.Сейдірүллин, С.Аспандияров, Қ.Жубанов, Ғ.Мүсірепов, Ә.Тәжібаев сияқты қайраткер-қаламгерлерді тартты. Сондай-ақ ұлттық мәдениет пен өнер саласы мамандарын даярлауға көп көңіл бөліп, қазақ жастарының КСРО-ның орталық қалаларындағы оқу орындарында білім алуына көмек көрсетіп отырды. М.Әуезов, Ж.Шанин, Қ.Астаев сынды басқа да өнер майталмандарының шығармашылық жұмыспен айналысуына жағдай жасады. Т.Жүргенов Қазақстанда алғашқы музыка театрын (қазіргі Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театры) ұйымдастыруға үлкен үлес қосты. Қазақ әндері туралы А.В.Затаевичке көптеген мәліметтер берді. Жүргеновтің тікелей атсалысуымен «Қазақстанда мектеп жүйесін реттеу және қазақ орта мектептерін көбейту туралы» қаулы қабылданып, қазақ орта мектептерінің саны артуына ықпал етті. Жүргенов Халық ағарту комиссариатын ұлттық мәдениетті өркендету штабына айналдырды. Ол 1934 жылы Алматыда өткен Бүкіл-қазақстандық халық өнерпаздарының Бірінші өнер слетін, 1936 жылы Мәскеудегі Қазақстан өнері мен әдебиетінің онкүндігін өткізудің басты ұйымдастырушысы болды. Онкүндік кезінде еліміздің өзге мәдениет қайраткерлерімен бірге атқарған ерөн еңбегі үшін «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды.

ҚАЙРАТКЕРДІҢ ҚАЛАМГЕРЛІК ҚАЖЫРЫ

Темірбек Жүргенов – ойы ұшқыр, қаламы қарымды публицист. Оның жазушылық қызметін қайраткерлік қызметінен қалам сапасын қайраткерлік сапасынан бөліп алып қарауға келмейді. Қоғамдық-әлеуметтік қызметі біршама зерттелсе де, Т.Жүргеновтің қаламгерлік қарымы мемлекеттік қызметінің тасасында қалып келді. Қазіргі қолдағы мәлімет бойынша, Ағарту комиссарының әзірше 7 кітап, 150-ден аса әдеби-публицистикалық мақала жазғаны белгілі болып отыр. Атап айтқанда, «Қазақстандағы мәдениет революциясы», «Қазақстандағы сауатсыздықты жою» кітаптары, «Саяси экономия» оқулығы,

«Орта Азиядағы қазақ халқының күйлері», «Қазақ педагогикалық институтын құру», «Қазақ халқының ақындары мен жыршылары» т.б.мемлекетшіл тақырыптағы очерктері мен мақалалары бүгінгі ұрпақ үшін өз мәнін жоғалтқан жоқ.

Жүргеновтің қоғам қайраткері ретіндегі қызметін партиялық функцияерліктен емес, 1918 жылы «Қазақ мұны» газетінің жауапты хатшысы болып, қаламын қару етіп бастағанын атап айтқан жөн. Жиырмасыншы жылдар басында Т.Жүргенов республикалық «Еңбекшіл қазақ» газетінің буынын бекітіп, бұғанасын қатыру ісіне шығармашылық, ұйымдастырушылық қажырымен атсалысты. 1924 жылы Ташкентке келіп, САГУ-де (Орталық Азия мемлекеттік университеті) оқып жүріп, әрі Қазақстанның Түркістан республикасындағы өкілі қызметін атқарған кезде де Жүргенов қалам майданының қақ ортасынан табылды. Сөз қадірін білетін, сөз баққан ортада өскен оның «Ұшқын» газетінде жарық көрген «Переводчиктің қиялы» атты сықақ өлеңі бала жігіттің сөз өнерінде қаражаю емесін бірден танытты. Абайдың «Болыс болдым, мінеки» өлеңінің үлгісінде жазылған бұл сахналық интермедия қазақ әдебиетіндегі сатиралық монолоттардың алғашқы үлгілерінің бірі саналады. «Переводчиктің қиялы» қазақ сахнасының майталманы Серке Қожамқұловтың репертуарынан ұзақ жылдар бойы тұрақты орын алып келді. Ал 1924 жылы «Қызыл Қазақстан» журналының №4 санында жарияланған «Меруерт» әңгімесі XX ғасырдағы ұлттық прозамызда өз кезеңіндегі ер эзекті, ең көкейкесті тақырыптың бірі иелеткенді мәселесіне арналған. Кейіпкерлер тағдырының ұқсастығы, тақырып ортақтығы және кейбір суреттеу тәсілі жағынан «Меруерт» М.Әуезовтің «Қорғасыздың күні» әңгімесімен үндес. Ол сюжетті өмірде жалт өткен бір сәттік оқиғаға, яғни метонимиялық принципке құрады. Бұл жағынан әңгіменің новеллалық сипаты басым.

Қайраткер отызыншы жылдар басында әдеби сын мақалалар жазуға, соның ішінде театр сынына көбірек көңіл бөлген. Бұл ерде Б.Майлиннің «Шуға» пьесасының алғашқы қойылымына арналған «Ушуга» рецензиясын («Казахстанская правда», 1934ж., 21-маусым) атап айтқан жөн. Автордың пайымдауынша, ендігі жерде әдебиетке Меруерт тәрізді шарасы белінелер емес, Шуға сынды сындарлы, рухты, кесек образдар қажет. «Өнер өнер үшін емес, өнер әлеуметтің мұң-мұқтажына, арман тілегіне қызмет көрсетуі тиіс» дейтін эзекті ой Темірбек Қараұлының қаламынан қорытылып шыққан «О пьесе «Хан Кенә» и ее критиках» («Казахстанская правда», 1934 ж., 12 маусым) мақаласында жалғасын тапты. 1928 жылы жазылғанымен, содан бергі уақытта сахналауға рұқсат берілмей келген М.Әуезовтің «Хан Кенә» пьесасын алғаш драма театры репертуарына енгізген Т.Жүргенов болатын. Спектакль 1934 жылы мамырда қойылды. «Хан Кенәні» тірілтіп Темірбек Қараұлы – өзінің тарихи принцип көзқарасын әдеби мұраны игеру ісіндегі тарихи сабақтастық принципіне ұластырған сынышы. «Казахский перевод» Шахнаме» атты көлемді мақаласы (Казахстанская правда, 1935, 1 сәуір) автордың осы ередегі көзқарасын толық танытты. Фирдаусидің туғанына 1000 жыл толуы қарсаңында оның мәңгі өлмес мұрасы «Шахнаме» дастанын қазақ топырағында бірінші болып аударған Сыр бойының білімдар ақыны Молда Ораз Нұсқасын ел ішіндегі бір қарапайым шаруаның қолынан таптырып алдырған Т.Жүргенов дастан жөніндегі алғашқы әрі күні бүгінге дейін біздегі бірден-бір толымды зерттеу болып саналатын көлемді еңбекті жазды. Т.Жүргенов өзінің сынышылық-зерттеушілік еңбегінде желкелеген шығармаларға ғана көңіл бөліп қоймай, әдебиетіміздің зәру мәселелері бой-

ында перспективалық бағыттарды белгілеп, әдебиет тарихындағы кесек дәуірлерге баға беріп отырған. 1925 жылы Ташкентте қызметте жүріп тәрбие, білім, әдебиет жайындағы мақалалардан «Терме» деген жинақ құрастырды. Оған Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов т.б. авторлардың шығармаларын қазігізіп, Шернияз, Едіге, Базар жырау т.б. туралы құнды мәліметтер берген. Темірбек Қараұлының «Жеруық» атты мақаласында («Қазақ әдебиеті», 1936 ж. 10 шілде) Асан қайғы, оның идеясына алғашқылардың бірі болып толымды баға бергенін атап айтқан жөн. Асан қайғы жөнінде зерттеу жұмыстары 1930 жылға дейін тоқтап қалған еді. Жүргенов мақаласы тоқырап қалған сол іске жаңадан сергіп берді. Автор халық ақызы жасаған Асан Қайғы бейнесі белгілі бір дәрежеде тарихи Асанның кейпі, ол XIV ғасырда қазақ халқының жазба тарихы жасала бастаған дәуірде өмір сүрген деген ой айтты. Кейінгі зерттеулер оның бұл пікірінің дұрыс екенін көрсетті. Темірбек Жүргенов – 30 жылдары А.Пушкин шығармашылығына да баға берушілердің бірі. Орыс ақынының дүниесінде өткеніне 100 жыл толуы қарсаңында жарияланған «Орыс халқының ұлы жазушысы және қазақ халқы» деген көлемді мақаласында Пушкин шығармаларын қазақ тіліне аудару дәстүріне тоқталған. Осы орайда оның Абай үлгісіне берген бағасы биік. Сыншы орыс ақыны мен қазақ ақынының ақындық қуаты мен поэзия өрнегіндегі ұқсастықты нақты мысалдармен көрсетеді.

Халық ағарту комиссары екі тілде бірдей жазған алғашқы билинг қайраткер-қаламгерлеріміздің бірі болды. Тілді жазушы еңбегінің құрылыс материалы ғана емес, мәдениеттің, білімнің іргетасы деп білген ол тіл туралы айтсаңн шет қалмай, сол ередегі білікті де салмақты пікірлерін көп талқысына салып, ең бастысы, практикалық басшылық саласына көшіріп отырған. Қайраткердің қазақ тілінің түсініктілігі, мәдениеттілігі, тазалығы туралы ойлары, әсіресе терминологияға қатысты ұсыныс-пікірлері әлі күнге маңызын жойған жоқ. Жүргенов тіл қолданушыларды, әсіресе зиялы қауымды қазақ әдеби тілінің бұзылып, көпшілікке түсініксіз жаргонға айналуынан сақтандырды. Осы тақырыпты «Қазақ тіліндегі терминология мәселелері», «Қазақ әдеби тіліндегі көленсіз жағдайлар» атты мақалаларында өрбіткен ол жиырмасыншы жылдары А.Байтұрсынов бастаған термин жасаудың ғылыми принциптерінен ауытқымауды, яғни термин сөздерді мета-морфалау, морфологиялық және синтаксистік тәсілмен қазақтың төл сөздері мен ұғымдарынан жасау әдісін жалғастыруды, сонымен бірге аударуға келмейтін, қазақша барабар (адекват) мағынасы жоқ халықаралық ата-лымдарды өзгеріссіз алуды ұсынды. «Тілді де тісті, жігерлі де іскер адам» деп Ғ.Мүсірепов баға берген Темірбек Қараұлының жандүниесі ғалым, зерттеушіге бейім еді. Жаратылыс сыйлаған осы бейімдіктің соңына біржола түсуге заманы, уақыты мұрша бермесе де, ол ғұмырының ақырына дейін тасқа басылған сөзге деген сағыныш-көрігін баса алмай өмірден өтті.

«СІЗ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ БІЛУГЕ МІНДЕТТІСІЗ, ОРЛОВ ЖОЛДАСІ!»

Темірбек Жүргеновтің ана тілге деген сүйіспеншілігі мен қамқор көзқарасын белгілі композитор Е.Брусиловский өзінің «Дүйім дүлдүлдер» атты мемуарлық кітабында төмендегідей сүйсене еске алады: «Жүргенов өз кабинетінде мәжіліс өткізбек болды. Шамамен алғанда отыз шақты кісі жиналды, ішінде тек екі адам қарағандылық Б.Н.Орлов және мен орыс жұртынан едік. Наркомның өзі де, басқа сөйлеушілер де тек қазақ тілінде сөйлеп отыр.

Бір кезде Борис Николаевич орнынан тұрды да Жүргеновтен қазақша сөйлемеуін өтінді, мұнда не жайында еңгіме болып жатқанын өзі ұқпай отырғанын, ол түсінетіндей болуы үшін сөйлеушілердің орысша сөйлегені жөн екенін айтты. Бір кезде Жүргеновтің қара көздері ұшқындап кетті. Жұрттың бәрі бүкшіме түсіп, тым-тырыс бола қалды. «Сіз қайда отырсыз, Орлов жолдас» Ашу найзағайы үрейлене бүткіген қайраткерлерінің үстінен ойқастай шапшыды. «Сіз қайда жүрсіз өзіңіз» деп Жүргенов дауысын бұрынғыдан бетер қатайта сөйледі: – Сіз Қазақстанға келдіңіз екен, егерде мұнда жұмыс істегіңіз келсе, сіз республиканың мемлекеттік тілін білуге міндеттісіз! Сіз қазақ әндерін де орыс тілінде зерттемекшісіз бе, – деп, өзге ұлттан қазақ тілін құрметтеуді талап етті». Апырмай, ұлт намысы дегенде жанып кетер сондай батылдық бүгіңгі қандас шенеуніктерінің бойында болса ғой деп ойлайсың. Өкініштісі, басқа ұлттың біріп-жарым өкілі отырса болды-ақ: – «Бәрімізге түсінікті тілде сөйлейін», – деп, орысша сайрай жөнелетін дерттен біз өлі де арыла алмай жүрміз-ау. Жүргеновтің қылышы жалаңдап тұрған сонау отызыншы жылдардағы өрлігі – бүгінгі ұрпаққа зор тағылым. «Бүкіл дүниежүзілік мәдениетке өз ана тілімізді жақсы білгенде, соны үйренгенде ғана жетуге болады», – деген Темкеннің сөзі бүгін өз көкейкестілігін жоғалтқан жоқ. Тоталитарлық жүйенің осы қызып тұрған шағының өзінде Темірбек Жүргенов республикаға басшы болып келген Голощекинді қатты сынга алып, былай дейді:

– Қазақстанға көрегі – 7-10 жылдық мектеп жүйесін құру, ал сіз «қазақ тек хат таныса болады» дейсіз. Жоқ! Бізге үлкен білім ордалары қажет! Алда істейтін міндетіміз – қалың жұрттың ішінен шыққан білім қайраткерлерің, өз кадрларымызды дайындауымыз қажет. Қазақ тілін жете білудің өзі үлкен мәдениет!» – деп өз ұлтының болашағын құрметтеуді талап етеді.

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ ДЕГЕНДЕ...

Темірбек Жүргенов қазақ өнерінің қанат жаюына қыруар тер төкті. Белгілі өнер майталманы Құрманбек Жандарбеков ол туралы: – Біз оны қазақ театрының атасы ретінде білеміз. Біз оны қазақ өнері мен әдебиетінің білімдары ретінде танимыз. Біз оны Қазақстандағы оқу-ағарту ісінің талмас жанашыры ретінде білеміз, – дейді. Ал академик А.Жұбанов: – Жүргеновтің қабілетінен шыққанда Алатауды айырып, Қаратауды қайырып шығатындай күш-жігермен мен шығатын едік, – деп өнер басшысының қажыр-қайратын жоғары бағалайды. Жазушы Ғабит Мүсірепов: – Жүргенов – тілді де тісті, жігерлі де іскер адам, – деп талантына ерекше ден қойып, ыстық ілтипатпен еске алады.

Темірбек Жүргенов дегенде 1927 жылы Ташкентте ұйымдасқан алғашқы Қазақ педагогикалық институтының ректоры, Тау-көк институтын, өл-Ғараби атындағы ҚазҰУ-ды құру, жаппай сауаттандыру, 10 жылдық білім берудің күні бүгінге дейін үзілмеген желісі еске түседі. Темірбек Жүргенов дегенде отызыншы жылдар басында Голощекин лаңцанын кейін тұралап жатқан ұлттық білім мен мәдениеттің тамырына қан жүгіртіп, 400 мектеп салдырып, қазақтың «Луначарский» атанған ағарту комиссары еске түседі. Т.Жүргенов дегенде тұңғыш ұлттық опера өнерін дүниеге келтірген білікті басшы, 1936 жылғы Мәскеудегі сәтті өткен қазақ өнер декадасы, «Шахнаманың» тұңғыш қазақшаға аударылуы, «Хан Кенә», «Жалбыр», «Шұға» пьесаларының алғаш көрсетілімдері, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін өзі басқаратын мәдениет комитетінің қаруына алған ұлтжанды азамат ойға оралады. Осындай іргелі, игілікті істерді басқарып жүріп, артынан мол әдеби-публицистикалық еңбектер қалдырған. Тарихи антология жағынан бұл мысал өркеніеті мен мәдениетті төнеспен батыс елдеріндегі қоғам қызметін қалам қызметімен қатар алып жүрген М.Робеспьер, Е.Дашкова, Ғ.Раскольников тәрізді қайраткерлер үлгісімен теңеседі.

ЕР ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ

1937 жылы басталған жаппай саяси қуғын-сүргін науқаны қыруар игі істердің басы-қасында жүрген Т.Жүргеновті де өзінің шенгеліне іле кетті. Оған «халық жауы, ұлтшыл Кеңеске қарсы терроршы-көтерілісші, шлюнддық-диверсантаңтық ұйымдарға басшылық еткен, жұмыстарына белсене араласқан» деген сияқты бірнеше айып тағып, кейін сот оны ату жазасына кесті. Үкім 1938 жылы 25 ақпанда Алматының іргесіндегі Қандысай деген жерде орындалған. Бұл кезде есіл ердің жасы небәрі 39-да еді. Алаш ардақтысы Әлімхан Ермековтің туған қарындасы, қайраткердің зайыбы Дәмеш Ермекова Жүргенов Темірбек Қараұлы аталғасын «халық жауының иелі» деп оны 8 жылға бас бостандығынан айырып, «Алжир» лагеріне қамады. Бас-аяғы 20 жылға жуық уақыт қуғыншылық көріп, Алматыға ол тек 1957 жылы оралды. Дәмеш Әмірханқызы кейін айтымас адал жарын жазықсыз жаладан ақтап алу жолында ғалым Мардан Байділдаевпен бірге көптеген іс-шара, естелік мақалалар мен кездесулер өткізді. Осы кісілер мен Жүргеновке жанашыр азаматтардың ықпал етуінің арқасында Алматыдағы Қазақ ұлттық өнер академиясына Темірбек Жүргеновтің есімі берілді, сондай ақ Астанада, Алматыда, Қызылорда, Ақтөбе облыстарында біқратар мектептер мен көшелерге қайраткердің аты беріліп, ескерткіштер орнатылды. Қайраткер өміріне арналған деректі фильмдер мен 1 пьеса жарық көрді. Өзі мөрт болса да, оның ісі, атқарған қызметі, халқының болашағына сіңірген қалтқысыз еңбегі, атап айтқанда, артында мұра болып қалған әдеби-мәдени, оқу-ағарту саласында жазған құнды дүниелері шаң басқан мұрағат сөрелерінен алынып, жоғары бағасын ала бастады. Себебі асыл азаматтың өмірі көпке үлгі, кейінгілерге өнеге болары хақ.

Бауыржан ИМАНҒАЛИЕВ,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Жүргеновтанушы ғалым

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ	Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36 Бас редактор - 32-0-41 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрігіінін Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. “Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. <i>Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.</i> Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сөнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісө 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 2840 Тапсырыс № 1478 Кезекші редактор: Ерлан СОЗАҚБАЕВ
--	---	--	---	--